

Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі
МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай- балабақшасы»

«Келісетін»

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
әдістемелік кабинет меңгерушісі:

Т.С.Барикова

«29» 08 2024 жыл

«Бекітемін»:

МКҚК «Жұлдыз»
бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі:

З.Б.Нугманова

«29» 08 2024 жыл

**«1 ден – 5 ке дейінгі сандарды меңгеру,
математикалық ұғымдарды қалыптастыру»
вариативтік бағдарламасы**

Әзірленушінің аты-жөні:

Тәрбиеші: Каюпова Аксана Ермахановна

2024 жыл

Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімінің әдістемелік кабинеті ұсынған

Құрастырған: Каюнова Ақсана Ермахановна МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

Пікір беруші:

Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Барикова Гульяз Советовна

Кеңес беруші:

Көктау ауылы, МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі: Нугманова Замзагуль Бекказиевна

Лудандық сараптау комиссиясының отырысында қаралды:

Хаттама № 1, п: 443/1 Бұйрық «29» «08» 2024 жыл

Сараптау комиссиясының төрағасы:



Барикова Г. С
(тегі, аты, әкесінің аты)

МКҚК «Жұлдыз» бөбекжай-балабақшасы педагогикалық кеңес отырысында талқыланды.

Хаттама № 1

Меңгеруші:



«29» «08» 2024 жыл

З.Б.Нугманова

(тегі, аты, әкесінің аты)

Мақсат, міндеттері

Мақсат:

Балаларға арналған математикалық ойындар жинағының негізгі мақсаты – балалардың математикаға деген қызығушылығын оятып, олардың логикалық ойлау қабілеттерін, есептеу дағдыларын және зияткерлік әлеуетін дамыту. Ойындар арқылы балалардың математикалық ұғымдар мен түсініктерді жеңіл әрі қызықты жолмен меңгеруіне, сонымен қатар шығармашылық ойлау қабілеттерін арттыруына мүмкіндік беру.

Міндеттері:

1. Математикалық ұғымдарды түсіндіру: Балаларға сандық қатарды, геометриялық фигураларды және басқа негізгі математикалық ұғымдарды таныстыру.
2. Есептеу дағдыларын дамыту: Қарапайым қосу мен азайтуды ойын түрінде үйрету.
3. Логикалық ойлауды дамыту: Түрлі логикалық тапсырмалар мен ойындар арқылы балалардың талдау және шешім қабылдау қабілеттерін арттыру.
4. Қызығушылықты арттыру: Математиканы қызықты әрі көңілді түрде ұсыну арқылы балалардың пәнге деген ынтасын жоғарылату.
5. Әлеуметтік дағдыларды нығайту: Балалардың топта жұмыс істеу, бір-бірімен әрекеттесу және ортақ мақсатқа жетуге үйрету.

Күтілетін нәтиже

Математикалық ұғымдардың меңгерілуі:

Балалар сандық қатарды түсініп, сандық мәндерді дұрыс ажыратады және реттік санауды меңгереді. Геометриялық фигураларды (шеңбер, квадрат, үшбұрыш, т.б.) тану және сипаттау қабілеттері дамиды.

Логикалық ойлаудың дамуы:

Балалардың логикалық ойлау қабілеттері нығайып, анализ жасау, салыстыру және шешім қабылдау дағдылары артады. Логикалық тапсырмалар мен жұмбақтарды шешу арқылы балалардың когнитивтік қабілеттері жақсарады.

Қызығушылықтың артуы:

Математикаға деген балалардың қызығушылығы мен ынтасы артады, пәнге деген позитивті көзқарас қалыптасады. Ойындар арқылы математиканы көңілді және қызықты түрде қабылдау қабілеті дамиды.

Әлеуметтік дағдылардың нығаюы:

Балалардың топтық жұмыс жасау, бірге ойнау және ортақ мақсатқа жету дағдылары жетілдіріледі. Қарым-қатынас жасау, өз пікірін білдіру және басқа балалармен ынтымақтастық орнату қабілеттері артады.

Жалпы білім деңгейінің арттыруы:

Балалардың жалпы математикалық білім деңгейі көтеріледі, олар математикаға негізделген түрлі тапсырмаларды орындау барысында дағдыларын жетілдіреді.

Бағдарламаға қатысушы топ: «Гүлдер» ересек тобы (4 жастағы балалар)

Бағдарламаның жүзеге асыру мерзімі: 1 жыл

Бағдарламаға қатысушылар жасы: 4 жас

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ойындардың маңызы мен ерекшеліктері

Ойындардың маңызы: Математикалық ойындар баланың когнитивті дамуын қолдау және математикалық дағдыларды дамыту үшін маңызды құрал болып табылады. Олар балаларға математикалық ұғымдарды қызықты әрі ойын түрінде меңгеруге көмектеседі.

Ойындардың ерекшеліктері: Ойындар балалардың жас ерекшеліктеріне және білім деңгейлеріне сәйкес таңдалған. Олар қарапайым және түсінікті, түрлі математикалық концепцияларды қамтиды.

Ойынның өткізілу әдістері

Ойынның ұйымдастырылуы:

Топтық жұмыс: Балаларды топтарға бөліп, ойындарды бірге орындау арқылы әлеуметтік дағдыларды дамыту.

Жеке жұмыс: Балалардың өз бетімен жұмыс істеп, тапсырмаларды жеке орындауы.

Ойынның жүргізілу әдістері:

Түсіндіру: Ойынның ережелерін және мақсатын түсіндіру, балаларға ойынның мәнін жеткізу.

Қадағалау: Ойын барысында балалардың жұмысын бақылау, қажет болған жағдайда көмек көрсету.

Бағалау: Ойын нәтижелерін бағалау және балалардың жетістіктерін атап өту.

Ойындар үшін қажетті құралдар:

Ойын материалдары: Сандық карточкалар, геометриялық фигуралар, логикалық жұмбақтар мен тапсырмалар үшін қажетті материалдар.

Қосымша құралдар: Ойындардың тиімділігін арттыру үшін қолданылатын қосымша құралдар мен ресурстар.

Ойындарды қолдану бойынша ұсыныстар:

Балалардың деңгейіне сәйкес: Ойындарды балалардың жас ерекшеліктеріне және білім деңгейлеріне сәйкес таңдау.

Әр түрлі әдістерді қолдану: Балалардың қызығушылығын сақтау үшін әр түрлі ойын әдістерін қолдану.

Ойын түрлері

Сандық ойындар: 1-ден 5-ке дейінгі сандық ойындар мектепке дейінгі балалардың математикалық түсінігін қалыптастырудың маңызды кезеңі болып табылады. Бұл ойындар балаларға санақ негіздерін меңгеруге, сандарды ретімен дұрыс қоюға және оларды ажырата білуге көмектеседі. Мұндай ойындарда бала сандардың реттілігін түсініп қана қоймай, олардың арасындағы байланысты да үйренеді.

Геометриялық пішіндермен ойындар: мектепке дейінгі балаларға арналған геометриялық пішіндермен танысу олардың кеңістіктік ойлауын, логикалық қабілеттерін және көрнекі есте сақтауын дамытуда маңызды рөл атқарады. Геометриялық пішіндермен жұмыс істеу арқылы балалар әртүрлі пішіндерді тануды, оларды ажыратуды және қоршаған ортаны түсінуді үйренеді.

Логикалық ойындар: балаларға арналған логикалық ойындар олардың ойлау қабілетін, зейінін және шешім қабылдау дағдыларын дамытуда үлкен рөл атқарады. Логикалық ойындар балаларға тапсырмаларды шешу арқылы өз ойларын жинақтап, жүйелі түрде ойланып, мәселелерді шешудің түрлі жолдарын іздеуге мүмкіндік береді.

Құрастыру және шығармашылық ойындар: балалардың қиялын, қол моторикасын, және мәселелерді шешу қабілеттерін дамытуда үлкен маңызға ие. Бұл ойындар балаларға өз идеяларын жүзеге асыруға, жаңа нәрселерді ойлап табуға, және шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді.

**I. "1ден 5 ке дейінгі сандарды меңгеру, математикалық ұғымдарды қалыптастыру»
бағдарламасының перспективалық жоспары**

1.Қыркүйек айы

Тақырыбы.	Мақсаты.	Сағат саны
Топтағы заттар .«Көп», «Біреу» ұғымдары»	«Көп», «Біреу» ұғымдарымен таныстыру, топтағы заттардан бір немесе көп заттарды тауып көрсетуге, топтағы біртекті заттардан топтар құрастыруға одан біреуін бөліп көрсетуге үйрету.	1
Заттар тобын салыстыру. Оң жақ – сол жақ	Үлгі бойынша санау, екі топтағы заттар арасындағы теңдікті анықтау.Қағаз бетінде бағдарлай алуға дағдыландыру	1
Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы	Заттар саны мен цифр арасындағы байланысты қою; «үлкен, кіші, кішкентай» өлшемдері, әртүрлі өлшемдегі шаршы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Геометриялық пішін – шаршы туралы түсінікті нығайту; зейіндерін дамыту.	1
Сандарды салыстыру. Тәулік бөлігі.	тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы білімдерін қалыптастыру.Балалардың тәулік бөліктері туралы түсінігін нығайту; Өзара көмекке ұмтылуға тәрбиелеу.	1

2.Қазан айы

Тақырыбы.	Мақсаты	Сағат саны
1 саны мен цифры.	Балаларды 1 саны және цифрымен таныстыру. «Үлкен кіші» шамаларын, «көп бір» ұғымдарын дұрыс атау және ажырата білу дағдыларын бекіту. 1 саны және цифрын дұрыс жазуға жаттықтыру, балалардың зейінін дамыту.	1
1 цифры. Жылдам – баяу. Үшбұрыш.	1 цифры туралы білімдерін бекіту; «жылдам, баяу» ұғымдарын, әртүрлі өлшемдегі үшбұрыштар туралы білімдерін қалыптастыру.Көру арқылы есте сақтау дағдыларын дамыту; тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.	1
2 саны мен цифры. Қысқа – ұзын.	2 цифрымен таныстыру; 2 цифрын жазып үйрену.«ұзын, қысқа, тар, кең» және «дөңгелек» туралы ұғымдарын қалыптастыру.	1
2 саны мен цифры. Жақын – алыс.	2 цифр туралы білімдерін бекіту. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; «алыс», «жақын» ұғымдарын айыра білуге үйрету; логикалық ойлауын дамыту.	1

3.Қараша айы

Тақырыбы.	Мақсаты	Сағат саны
3 саны мен цифры. 3 цифрын заттың санымен сәйкестендіру. Кеше, бүгін, ертең.	3 цифрмен таныстыру; заттар санын цифрмен сәйкестендіру; тәулік бөліктері туралы білімін бекіту. Өзге цифрлардың арасынан 3 санын табу; баланың зейінін дамыту.	1
1, 2, 3 цифрлары. Биік – аласа.	1, 2, 3 цифрлары туралы білімдерін бекіту; зейіндерін дамыту. Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді әрі қарай жалғастыру; 1, 2, 3 цифрларын бекіту; таныс заттарды биіктігіне қарай (биік, аласа) салыстырып, оларды сол белгілері бойынша біріктіру қабілетін ұштау; бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту.	1
3, 4 цифрларын салыстыру. Кең – тар.	Заттар санын цифрмен сәйкестендіре алу дағдыларын қалыптастыру; (кең, тар) салыстыру қабілетін ұштау; топпен жұмыс істей алуға тәрбиелеу.	1
Заттар тобын теңестіру	Үлгі бойынша санау дағдыларын қалыптастыру; санның, заттардың кеңістікте орналасуына тәуелсіздігін түсіну; кеңістікте бағдарлай алу. Өртүрлі қашықтықта орналасқан заттардың тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету; зейіндерін дамыту.	1

4.Желтоқсан айы

Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
4 саны мен цифры. Үлкен – кіші ұғымдары	4 цифрмен таныстыру; «үлкен», «кіші», «кішкентай» сөздерін пайдалана отырып, заттарды көлеміне қарай сәйкестендіруді үйрету; көру арқылы есте сақтау қабілетінің дамыту, тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.	1
4 саны мен цифры. Логикалық есептер.	4 саны мен цифры туралы өткенді пысықтау; логикалық тапсырмаларды көрген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету; ойлау қабілеттерін дамыту; тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.	1
Сандарды салыстыру. Алыс – жақын.	1, 2, 3, 4 цифрлары туралы білімдерін бекіту; сандарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру. «кеңістік» ұғымын қалыптастыру (алыс, жақын); салыстыру қабілетін ұштау; топпен жұмыс істей алуға тәрбиелеу.	1
Кеңістікті бағдарлау. Жоғарыда – төменде, сол жағында – оң жағында. Шаршы	Кеңістіктік қатынастар (сол жағында, оң жағында, үстінде, алдында, ортасында) туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың геометриялық пішіндер туралы білімін нығайту; ойлау дағдыларын және зейіндерін арттыру.	1

5. Қаңтар айы

Тақырыбы.	Мақсаты	Сағат саны
5 цифры мен саны.	5 цифрмен таныстыру; кеңістікте бағдарлай алу. 5 цифрын нүктелер арқылы салу; • заттың орналасқан орнын анықтау және сөзбен баяндау (сол жақта, оң жақта, алдында, артында); ойлау дағдыларын және зейіндерін арттыру.	1
5 саны мен цифры. Не неге ұқсайды? Кеңістікте бағдарлау.	5 цифры туралы алған білімдерін бекіту. цифрды заттың санымен сәйкестендіруге үйрету; түрлі арақашықтықта орналасқан заттарды теңестіруді үйрету; тапсырманы тиянақты орындауға тәрбиелеу.	1
Реттік санау. Оң жақта, сол жақта, ортасында.	Реттік санаумен таныстыру; кеңістікте бағдарлай алу (оң жақта, сол жақта, ортасында. Қағаз бетінде бағдарлау қабілетін арттыру; зейіндерін дамыту, қызығушылықтарын арттыру.	1
Реттік санау. Заттардың кеңістікте орналасу тәуелсіздігі. Геометриялық пішіндер.	Реттік санау туралы білімдерін бекіту; Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігін түсіне білуге үйрету; көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту; топта жұмыс істей білуге үйрену.	1

6. Ақпан айы

Тақырыбы.	Мақсаты	Сағат саны
Сан мен цифрды сәйкестендіру. Тәулік бөліктері. Кең, тар, өте тар. Есептік және реттік санау	1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы білімдерін бекіту; «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра білуге және осы сөздерді дұрыс қолдануға үйрету; өзін-өзі бақылау және өз-өзін бағалауға дағдыландыру.	1
Сан мен цифрды сәйкестендіру. Шар, текше, цилиндр	1-ден 5-ке дейінгі цифрлар туралы білімдерін бекіту. Шар, цилиндр, текше сияқты көлемді денелермен таныстыру. Ойлау дағдыларын және зейіндерін арттыру.	1
Есептік және реттік санау. Сан мен цифрды сәйкестендіру.	Реттік сандар туралы білімдерін бекіту. Реттік санауды (5-ке дейінгі сандар) әрі қарай жалғастыру, сандық және реттік санауды айыру, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету; өзара көмекке ұмтылуға үйрету.	1
Қанша? Цифрды заттың санымен сәйкестендіру. Сол жағында, оң жағында.	Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді үйрету; қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету (сол жағында, оң жағында); көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.	1

7. Наурыз айы

Тақырыбы.	Мақсаты	Сағат саны
Геометриялық пішіндер	Балаларға өздеріне таныс дөңгелек, шаршы және үшбұрыш сияқты геометриялық пішіндерді бір бірінен ажырата білуге үйрету. Ой қабілеттерін дамыту.	1
Таңертең. Біреу – көп	тәулік бөлігімен таныстыруды бекіту; заттың санымен (бір – көп) таныстыруды жалғастыру. Шыдамдылыққа және қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
«Ұзындық. Шартты өлшемнің көмегімен заттарды ұзындығына қарай салыстыру».	Ұзындық туралы түсініктерін қалыптастыру; заттардың ұзындығын бір-біріне салу арқылы және шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді үйрету; балалардың кеңістік қиялы мен сөйлеу қабілетін, зейінін дамыту; сұраққа толық, дұрыс жауап беруге үйрету.	1
1, 2, 3, 4, 5 цифрлары мен сандары. Сан мен цифрды сәйкестендіру.	Заттың санын цифрмен сәйкестендіру қабілетін бекіту; көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту; бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту.	1

8. Сәуір айы

Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
Заттарды қалыңдығы бойынша салыстыру	заттарды қалыңдығы бойынша салыстыруды үйрету. Көру арқылы алынған ақпаратты пайдаланып, жұмбақ шешуге баулу; көре білу, логикалық ойлауын дамыту; тапсырмаларды ынтамен орындауға тәрбиелеу.	1
Реттік санау қабілетін нығайту	Реттік санау қабілетін нығайту (5 саны көлемінде); сандық және реттік санауды ажырата білуге үйрету, «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беруге үйрету. Геометриялық пішіндер туралы білімдерін нығайту.	1
Заттың санын цифрмен сәйкестендіру. Алыс – жақын.	Заттар санын цифрмен сәйкестендіру; кеңістікте бағдарлау; зейіндерін дамыту. Логикалық есепті берілген мәліметтерге сүйене отырып шешуге үйрету; бір-біріне ұқсас екі суретті салыстыру арқылы балалардың зейінін дамыту.	1
Бір және көп, көп заттарды салыстыру	Заттарды санына қарай салыстыру алу қабілетін арттыру, бір зат пен көп затты бір-бірінен айыра білуге үйрету. Екі топтағы заттарды салыстырып, оларды теңестіру.	1

9. Мамыр айы

Тақырыбы.	Мақсаты.	Сағат саны
Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін (таңертең, күндіз, кеш, түн)	Балалардың ой-өрісін дамыту. Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тереңдете түсу. Логикалық ойлау қабілетін, танымын дамыту.	1
Кеңістікті бағдарлау	Өзінің айналасындағы заттардың орналасуын (оң, сол, алда, артта, жоғарыда, төменде, алыс, жақын) анықтауға үйретуді жалғастыру.	1
Шеңбер, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш туралы өткенді пысықтау.	Заттар тобының теңдігін кеңістікте орналасуына қатыссыз қоюды үйрету; Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш сияқты геометриялы фигуралар туралы өткенді пысықтау. логикалық есептерді шешуді үйрету.	1
Бекіту. Сан мен цифрды сәйкестендіру.	1-ден 5- ке дейінгі сан және цифрлар туралы білімдерін бекіту. Балаларға 5 заттың сәйкестігін анықтауды және заттарды бесбестен бір топқа біріктіруді үйрету; логикалық жұмбақтарды шешуге үйрету. Баланың зейінін дамыту.	1

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Досбаева З. А. Мектепке дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілеттерін ойын арқылы дамыту
2. Каймолдина А. С. Дидактикалық ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сандық математика сабағын өткізу әдістемесі. 2023 жыл
3. Серикбаева Ж. К., Нуржанова Г. К. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дидактикалық ойындардың маңызы. 2020 жыл
4. Егізбаева А. Қ., Нұрпейісова Г. Қ. Дидактикалық ойындардың тәрбиелік мәні. 2015 жыл
5. Садыкова А. Б. ЭОЖ 345 С19. Мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру жолдары.
6. Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.
7. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2023.
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2022.
9. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2004.
10. Балаубаева Қ. Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілетін дамыту. – Алматы, 2017.

